



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# МАКРОЭКОНОМИКА

Жұмыс орындары мен инфляция  
мониторингі





### Мақсаты:

1. Жұмыссыздық мәні дегеніміз не? Жұмыссыздық деңгейі мен еңбек нарығының басқа да көрсеткіштерін қалай өлшейміз? деген сұрақтарға жауап аламыз.
2. Жұмыссыздық неліктен болатынын, ол тіпті жұмыспен толық қамту кезінде де болатынын қарастырамыз.
3. Инфляция мәселесі, инфляция деңгейі қалай өлшенетінін қарастырамыз.

Ай сайын есепке алынатын жұмыссыздық пен инфляция деңгейі мемлекеттің экономикалық ахуалын бағалайтын негізгі көрсеткіштері болып табылады. Жұмыссыздық деңгейін және инфляция деңгейін қалай өлшейміз? Олардың экономикада сенімді өмірлік маңызы бар ма?

АҚШ экономикасы 2008 – 2009 жылдардағы рецессиядан кейін баяу дамығандықтан, жұмыспен қамтудың өсуі әлсіз болды. Еңбек нарығындағы жағдай миллиодалған америкалықтар үшін үлкен проблема болды.

### Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Оқуды аяқтағанда қандай еңбек нарығына шығасыз? Сіз таңдайтын жақсы жұмыс орындары көп бола ма? Әлде ақыр соңында біліміңізді қажет етпейтін және төмен жалақы төлейтін бір жұмысқа тұра саласыз ба? Жауабыңыз қолда бар жұмыс орындарының жалпы санына және оларға бәсекелес адамдардың санына едәуір дәрежеде байланысты болады.

### Жұмыссыздықты неге мәселе ретінде қарастырамыз

Жұмыссыздық екі негізгі себеп бойынша жеке және әлеуметтік-экономикалық проблемаға айналады. Ол

1. Табыс пен өнімнің жоғалуына әкеледі.
2. Адам капиталының жоғалуына әкеледі.

Жұмыстың жоғалуы кіріс пен өнімнің жоғалуына әкеп соғады. Мұндай жоғалтулар оларды бастан кешкен адамға кері әсер етеді. Жұмыссыздық баршаның болашағын бұлыңғыр етеді.

Өнімнің жоғалуы тұтынудың төмендеуі мен капиталға инвестиция салудың азаюын білдіреді, бұл бүгін де, болашақта да өмір сүру деңгейін төмендетеді.

Адам капиталының жоғалуы. Ұзаққа созылған жұмыссыздық адам капиталын бұзып, жұмысқа орналасу перспективаларына орны толмас зиян келтіреді.

### АҚШ-тың ФРЖ экс төрағасы Бен Бернанкені түнде ұйықтатпай не мазалады

Әлемдегі Ұлы тоқырау АҚШ қор нарығы құлдыраған 1929 жылдың қазанында басталды. Ол жұмыс күшінің 25%-ы жұмыссыз болған 1933 жылы шарықтау шегіне жетті. АҚШ Екінші дүниежүзілік соғысқа қатыса бастаған 1941 жылға дейін жалғасты. Тоқырау бүкіл әлемге тез таралып, көптеген елдерді қамтыды.

1930 жылдар тарихта ең ұзақ және ең жойқын жұмыссыздық кезеңі ретінде қалды. Банкілер, дүкендер, фермалар мен фабрикалар миллиондаған америкалықтарды жұмыссыз, үйсіз және азық-түліксіз қалдырды. Үкімет пен қайырымдылық ұйымдардың қараласуы болмаса, миллиондаған адам аштан өлер еді.

Ұлы депрессия үлкен саяси оқиға болды: Ол адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болған неміс және жапон милитаризмінің көтерілуіне ықпал етті. Ол сондай-ақ үкіметтің экономикадағы рөлін жоғарылатып, нарыққа араласуын дұрыс көріп, нарықтық экономиканы қолдамаған президент Франклин Д. Рузвельттің саясаттағы «Жаңа құрсына» алып келді.

Сонымен қатар, Ұлы депрессия экономикада революция жасады. Британдық экономист Джон Мейнард Кейнс жұмыспен қамту, пайыздық өсім мен ақшаның жалпы теориясын жариялады; біз қазір макроэкономика деп атап жүрген ілімнің негізін құрды.

Ұлы депрессияны көптеген экономист зерттеді. Әдеттегі рецессия ретінде басталған жайт неге соншалықты жойқын болғанын анықтауға тырысты. Олардың арасында Федералдық резерв жүйесінің бұрынғы төрағасы Бен Бернанке де бар.

ФРЖ-нің пайыздық мөлшерлемені төмендетіп, банктерді күйреуден сақтап қалу үшін қатаң шараларға бару себептерінің бірі – Бен Бернанкенің жаппай экономикалық құлдыраудың қаупін сезіп, Үлкен




тоқырау қайталанбас үшін батыл қадамдарға баруы.

Жұмыс берушісі қысқарған кезде жұмысын жоғалтатын менеджерді көз алдыңызға елестетіңіз. Ол таба алатын жалғыз жұмыс – такси жүргізу. Бұл жұмыста бір жыл болғаннан кейін ол MBA дәрежесі бар жаңа түлектермен бәсекелесе алмайды. Бір күндері оны менеджер ретінде жұмысқа алар, бірақ ол шағын фирмаға орналасады, бұрынғыға қарағанда жалақысы төмен болады. Бұл адам капиталының бір бөлігін жоғалтты дегенді білдіреді.

Үкімет жұмыссыздық деңгейін дәл өлшеуге және оның деңгейін төмендетіп, зардабын жеңілдетуге бағытталған саясатты әзірлеуге күш салуда.

Әр ай сайын АҚШ Халық санағы бюросы 60 000 отбасына сауалнама жүргізеді. Әрбір отбасы мүшелерінің еңбек нарығындағы жасы мен жағдайы туралы бірқатар сұрақ қояды. Ол Ағымдағы халық шолуы деп аталады (немесе АХШ – CPS). Санақ бюросы жауаптарды жұмыс күші бағытын жасау үшін пайдаланады.



Суретте Санақ бюросы пайдаланатын халық санаттары және осы санаттар арасындағы өзара байланыстар көрсетілген.

Халық еңбекке қабілетті адамдар және жұмыс істеуге тым жас немесе мекемелерде өмір сүретін және жұмыс істей алмайтындар болып екі кең топқа бөлінеді. Еңбекке жарамды халық – 16 жастан асқан және одан жоғары жастағы түрмеде, ауруханада немесе өзге мекемеде тұрып жатпаған адамдардың жалпы саны.

Халық санағы бюросы еңбек жасындағы халықты: еңбекке жарамды және еңбекке жарамсыз деп екі топқа бөледі. Ол сондай-ақ жұмыс күшін екі топқа бөледі: жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар. Осылайша, жұмыс күші – бұл жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздардың жалпы саны.

Азаматтарды жұмыссыз деп есептелу үшін адам жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс. Және мынадай үш санаттың бірінде болуы тиіс:

1. Жұмысы жоқ, бірақ өткен төрт апта ішінде жұмыс табуға нақты әрекет жасады.
2. Жұмыстан шығарып жіберген жерден қайта шақыру күтіп жүр,
3. Жаңа жұмыстың басталуын күтіп жүргеніне 30 күн болған және осы үш өлшемнің кем дегенде біреуін қанағаттандыратын, сауалнамаға қатысқан кез келген адам жұмыссыз деп есептеледі.

2017 жылдың маусым айында АҚШ халқы саны 325 млн болды, соның ішінде еңбекке жарамды жастағысы – 255 млн. Соның 95 млн-ны жұмыс күші құрамына кірмеді. Осы адамдардың көпшілігі – оқу орындарында толық жұмыс күні оқитындар немесе жұмыстан демалысқа шыққандар. Қалған 160 млн адам АҚШ-тың жұмыс күшін құрады. Оның ішінде 153 млн-ы жұмыс істейді, 7 млн-ы жұмыссыз.

### Еңбек нарығының үш индикаторы

Халық санағы бюросы еңбек нарығы жағдайының үш көрсеткішін есептейді. Олар:

1. Жұмыссыздық деңгейі
2. Жұмыспен қамтудың халық санына қатысы
3. Жұмыс күшіне қатысу коэффициенті

### Жұмыссыздық деңгейі

Жұмыссыздық көлемі дегеніміз – жұмыс істегісі келетін адамдардың жұмыс таба алмай көрсеткіші.




Жұмыссыздық деңгейі – бұл жұмыс күшінің құрамындағы жұмыссыздардың пайыздық көрсеткіші. Яғни,

Жұмыссыздық деңгейі = жұмыссыздар саны / жұмыс күші X 100  
және

Жұмыс күші = жұмыспен қамтылғандар саны + жұмыссыздар саны.

2017 жылдың маусым айында жұмыспен қамтылғандар саны 153 млн адамды, жұмыссыздар саны 7 млн адамды құрады. Жоғарыда келтірілген теңдеулердің көмегімен жұмыс күші 160 млн-ды (153 млн + 7 млн), ал жұмыссыздық деңгейі 4,4%-ды (7 млн : 160 млн X 100) құрағанына көз жеткізуге болады.



Жоғарыдағы суретте 1980 - 2017 жылдар аралығындағы АҚШ-тағы жұмыссыздық деңгейі көрсетілген. Осы кезеңде жұмыссыздықтың орташа деңгейі 6,4% болды; бұл 2017 жылғы жұмыссыздардың 10,2 млн адамына тең.

Жұмыссыздық деңгейі экономикалық цикл ішінде ауытқиды және рецессия аяқталғаннан кейін ең жоғарғы мәнге жетеді.


1982, 1990-1991 және 2001 жылдардағы құлдырау кезеңдерінде жұмыссыздықтың әрбір ең жоғары деңгейі алдыңғы деңгейден төмен болды. Бірақ 2008-2009 жылдардың құлдырауы төмендеу үрдісінің соңы болды.

## Жұмыспен қамтудың халық санына қатысы

Жұмысы бар еңбекке қабілетті жастағы адамдар саны жұмыс орындарының бар екенін, сондай-ақ адамдардың дағдылары мен жұмыспен қамтылуы арасындағы сәйкестік дәрежесінің индикаторы. Жұмыспен қамтудың халық санына қатысы жұмысқа қабілетті жастағы адамдардың пайыздық көрсеткіші. Яғни,

Жұмыспен қамтудың халық санына қатысы = жұмыспен қамтылғандар саны : еңбек жасындағы халық X 100.

2017 жылдың маусым айында АҚШ халқы саны 325 млн болды, соның ішінде еңбекке жарамды жастағысы – 255 млн. Жоғарыда келтірілген теңдеуді пайдалана отырып, жұмыспен қамтудың халық санына қатысы 60%-ды (255 млн : 325 млн X 100) құрағанына көз жеткізуге болады.






Жоғарыдағы сурет Жұмыспен қамтудың халық санына қатысын көрсетеді. Бұл көрсеткіш 2000 жылға дейін өсу үрдісін және одан кейін төмендеу үрдісін көрсетті. 2000 жылға дейінгі өсім АҚШ экономикасы еңбекке қабілетті жастағы халыққа қарағанда жұмыс орындарын жылдам қарқынмен құрғанын білдіреді. Бұл көрсеткіш те өзгереді: Ол рецессия кезінде құлап, кеңею кезінде артады.

## Жұмыс күшіне қатысу коэффициенті

Адамдардың жұмыс күшіндегі саны еңбекке қабілетті жастағы адамдардың жұмысқа орналасуға дайындығының көрсеткіші. Жұмыс күшіне қатысу коэффициенті – жұмыс күшіне мүше еңбек жасындағы халықтың пайыздық үлесі. Яғни,

Жұмыс күшіне қатысу коэффициенті = Жұмыс күші / еңбек жасындағы халық X 100.

2017 жылдың маусымында жұмыс күшінің саны 160 млн адамды, ал еңбекке қабілетті халық саны 255 млн-ды құрады. Жоғарыда келтірілген теңдеуді пайдалана отырып, жұмыс күшіне қатысу коэффициенті 62,7%-ды құрағанына көз жеткізе аласыз ( 255 млн :160 млн X 100).



Суретте жұмыс күшіне қатысу коэффициенті көрсетілген. Жұмыспен қамтудың халық санына қатысы сияқты, бұл көрсеткіш 2000 жылға дейін өсуге, содан кейін төмендеу үрдісіне ие. Үрдіс айналасында орташа ауытқулар бар, бірақ ол 2008-2009 жылдары күрт төмендеді. Сәтсіздікке ұшыраған жұмыс іздеушілер рецессия кезінде жұмыс күшін тастап, 2010 жылы басталған әлсіз даму кезінде қайтып келмеді.

## Жұмыссыздық және жұмыспен толық қамту

Жұмыс іздеп жұмыссыз жүрген адам қашан да бар, сондықтан жұмыссыздық үнемі бар құбылыс. Негізгі себеп – экономиканың үнемі өзгеріп тұратын күрделі механизм екендігінде. Ол үйкеліс, құрылымдық өзгерістер мен циклдарды бастан кешеді.

Жұмыссыздықтың келесідей түрлері бар:

Фрикциялық жұмыссыздық

Өмір сахнасындағы жұмыс күші тобына адамдар толассыз кіріп-шығып жатады. Мектепте оқиды, жұмысқа тұрады, жұмыс істейді. Жұмысын ұнатпай өзін бақытсыз сезінуі де мүмкін. Қайтадан жұмыс іздейді. Ақырында зейнетке шығып, жұмыстан толық босайды.

Сондай-ақ жаңа фирмалар дүниеге келіп, кей фирмалар кеңейтіліп, кейбірі кішірейтіліп, тағы бірі банкротқа ұшырап, бизнестен шығып жатыр. Мұндай процестер барысында кей жұмыс орындары толассыз пайда болып, кей жұмыс орындары жойылып жатады.

Біз жоғарыда сипаттаған жұмыс күшіне кіретін және шығатын адамдардан және жұмыс орындарының пайда болуынан және жойылуынан пайда болатын жұмыс күшінің қалыпты айналымы фрикциондық жұмыссыздық деп аталады.

## Құрылымдық жұмыссыздық

Технологиядағы өзгерістер немесе халықаралық бәсекелестік жұмысты орындау немесе жұмыс орнын өзгерту үшін қажетті дағдыларды өзгерткен кезде пайда болатын жұмыссыздық құрылымдық жұмыссыздық деп аталады. Құрылымдық жұмыссыздық әдетте фрикциондық жұмыссыздыққа қарағанда ұзағырақ уақытқа созылады, себебі жұмысшы қайта оқуға және жұмыс табу үшін басқа жерге көшуге тиіс.



## Циклдік жұмыссыздық

Жұмыссыздықтың қалыпты деңгейіне қарағанда жоғары және экономикалық циклдің шыңындағы жұмыссыздық нормасынан төмен жұмыссыздық циклдік жұмыссыздық деп аталады. Экономиканың рецессияға ұшырауына байланысты босатылып, жағдай түзелген соң жұмысқа қайта алынған жұмысшы циклдық жұмыссыздықты басынан кешеді.

## «Табиғи» жұмыссыздық

Табиғи жұмыссыздық – циклдік жұмыссыздық болмаған кезде—барлық жұмыссыздық фриktionдық және құрылымдық сипатта болғанда фрикция мен құрылымдық өзгерістер нәтижесінде пайда болатын жұмыссыздық. Жұмыс күшінің пайыздық көрсеткішіндегі табиғи жұмыссыздық жұмыссыздықтың табиғи деңгейідеп аталады.

Толық жұмыспен қамту жұмыссыздық деңгейі жұмыссыздықтың табиғи деңгейіне тең жағдай ретінде айқындалады.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейін не анықтайды? Ол тұрақты ма, әлде уақыт өте келе өзгере ме?

Табиғи жұмыссыздық деңгейі көптеген факторларға байланысты, бірақ олардың ең маңыздысы

1. Халықтың жас шамасы бойынша бөлінуі
2. Құрылымдық өзгерістер шкаласы
3. Нақты жалақы мөлшерлемесі
4. Жұмыссыздық жәрдемақысы

## Халықтың жасына қарай бөлінуі

Халқы жас экономикада жаңа жұмыс іздеушілер саны көп болады. Фриktionдық жұмыссыздық деңгейі жоғары. Халқының дені егде жастағы экономикада жаңа жұмыс іздеушілер саны аз және фриktionдық жұмыссыздық деңгейі төмен болады.

## Құрылымдық өзгерістер шкаласы

Кейде құрылымдық өзгерістер ауқымы үлкен емес. Техникалық жабдыктарын өзгертпей, ескіше жұмыс істейтін жұмыс орындары көп жылдар бойы орнында қалады. Бірақ кейде технологиялық төңкеріс болады. Миллиондаған жұмыс орны жоғалады және оларды орындау қабілеті құндылығын жоғалтады. Құрылымдық жұмыссыздық көлемі ғылыми-техникалық прогресс қарқыны, халықаралық бәсекелестіктің өзгеруі, тез өзгеріп жатқан Азия экономикаларында бірінші кезекте ауытқиды.

## Нақты жалақы деңгейі

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі нақты жалақы деңгейіне байланысты. Жұмыссыздыққа әкелетін нақты жалақы деңгейлері – ең төменгі жалақы және тиімді жалақы. Егер үкімет ең төменгі жалақыны тепе-тең жалақыдан жоғары қойса, онда жұмыс істегісі келетін адамдар саны фирмалар жалдағысы келетіндерден көбейіп кетеді, сондықтан бұл жұмыссыздық тудырады. Тиімді жалақы – бұл фирмаларға барынша өнімді қызметкерлерді тартуға, оларды ынталы жұмыс істеуге және олардың жұмыстан шығуына кедергі жасауға мүмкіндік береді. Ол ағымдағы нарықтық жалақыдан жоғары белгіленген жалақы.

## Жұмыссыздық жәрдемақысы

Жұмыссыздық жәрдемақысы жұмыс іздеудің балама шығындарын азайту есебінен жұмыссыздықтың табиғи деңгейін арттырады. Еуропа елдерінде жұмыссыздық жәрдемақысы жоғары, АҚШ-пен салыстырғанда жұмыссыздықтың табиғи деңгейі де жоғары. Жұмыссыздық жәрдемақысын көбейту жұмыссыздықтың табиғи деңгейін арттырады.

## ЭКОНОМИКА ӘРЕКЕТІ

### Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі қалай анықталады?

Бұл сұраққа жауапты Атланта Федералдық резервтік банкінің экономистері берді. Олардың идеясы



Z-Рор коэффициенті деп аталатын индикаторды пайдалану. Ол түгелімен жұмыс істеп жүрген еңбек жасындағы халықтың пайыздық көрсеткіші. Толық пайдаланылған деп есептелетін адамдар – бұл толық жұмыс күні жұмыс істейтін адамдар, экономикалық емес себеппен толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін адамдар және жұмыс істегім келмейді дейтін адамдар.

Суретте Z-Рор коэффициенті көрсетілген. Рецессияға дейін 2008-2009 жылдардағы халықтың 95,2% -ы толықтай осы сипаттамаға жатқызылды. Олардың саны 89,7%-ға дейін төмендеді, содан кейін баяу көтерілді. 2017 жылы халықтың 94,8%-ы түгел игеріліп, толық жұмыспен қамтылған деген көрсеткішке жетті.